



## ҒҰМЫРЫН ҒЫЛЫМ-БІЛІМГЕ АРНАҒАН ЖАН

Әділет Қабылов,  
филология кандидаты, профессоры  
ғылымдарының  
Yessenov University



Өзіңмен қатар жүрген, көп жылдар бірге қызмет істеп келе жатқан замандастар туралы пікір айтудың өзіндік орны бар. Адамның жасы ұлғайған сайын өткен өміріне көз тастап, артында қалған үлгілі істерін ескеріп, жүріп өткен жолының дұрыстығын көңіліне демеу қылу үшін де замандастарының жылы лебізі керек-ақ. Мен біраз жылдан бері қанаттас қызметтес болып келе жатқан дос-ініміз, биыл асқаралы 60 жасқа толып отырған ғалым-педагог, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ш.Есенов атындағы технологиялар және инжиниринг университеті «Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры Жоламан Таубауұлы Қобыланов туралы айтпақпын.

Қобланов Жоламан Таубайұлы 1964 жылы 20 мамырда ҚҚАССР-дың Хожелі қаласында дүниеге келген. 1971-1981 жылдары №16 орта мектепте оқып, үздік аяқтаған.

1982 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Нөкіс мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 1989 жылы «филолог, қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы» мамандығы бойынша бітіреді. 1983-1985 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеген.

Еңбек жолын 1989-1991 жылдары Хожелі педагогикалық училищесінде оқытушы болып бастап, 1991-1996 жылдары Әжінияз атындағы Нөкіс



педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында оқытушы болды. Атамекенге оралған соң, 1997-1999 жылдары Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1999-2007 жылдары Алматы «Қайнар» университетінің Ақтау филиалындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында доцент, кафедра меңгерушісі, 2007-2008 жылдары Маңғыстау «Болашақ» институтының доценті қызметтерін атқарды, ал 2008 жылдан осы уақытқа дейін Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасында доцент, профессор болып қызмет етеді.

Ж.Т.Қобланов – өзінің педагогикалық қызметін ғылыми ізденулермен қатар ұштастыра білген ұстаз. 1992-1994 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеттің аспирантурасында ізденуші болып, 1994 жылы «Қазақ-қарақалпақ драматургиясындағы фольклорлық негіздер» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады (ғылыми жетекшілері профессор С.Ордалиев пен профессор Т.Кәкішев).

Ол – тынымсыз ізденісі мен ғылыми әлеуетінің арқасында қазақ әдебиеттануына айтулы үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі. Осы бағыттағы көп жылғы зерттеулерінің нәтижесінде «Қазақ-қарақалпақ драматургиясының кейбір мәселелері» (2012), «Фольклор – источник вдохновения» (2015), «Жемчужина народного наследия» (2016), «Ұлттық драматургиядағы фольклорлық негіздер» (2022), «Фольклорные основы в национальной драматургии» (2023) атты ғылыми монографияларын жариялады. Сонымен қатар 200-дан аса ғылыми мақалалары халықаралық, республикалық басылымдарда, 9 мақаласы халықаралық жоғары импактфакторлы журналдарда (Thomson Reuters және Scopus) жарияланды. «SCI-ARTICLE.RU» және «Проблемы современной науки и образования» секілді халықаралық ғылыми журналдарының редколлегия мүшесі, Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі болды.

Ж.Т.Қобланов – ғылыми еңбектермен қатар қазақ тілінде тұңғыш жазылған бірнеше оқу құралдары мен оқулықтардың да авторы. Атап айтқанда, «Шығыс әдебиетінің тарихы» («Фолиант», 2001), «Шетел әдебиеті тарихы» («Қазақ университеті», 2004; «Фолиант», 2008) оқулықтары, Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы», «Антикалық әдебиет» (2013) секілді еңбектердің авторы. «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Шетел әдебиеті тарихы» пәндерінен электронды оқулықтары мен





«Әдебиеттану ғылымындағы мектептер», «Абайтану» курстарына арналған оқу-әдістемелік нұсқаулықтар әзірледі. Жоламан Таубайұлы жазған 3 томдық «Шетел әдебиетінің тарихы» оқулықтары көп жылдардан бері жоғары оқу орындарында негізгі оқу құралы ретінде қолданылып келеді. Мұның бәрі автордың тәуелсіз Қазақстанның болашағы – жас мамандарға жоғары білім берудегі тынымсыз еңбегінің нәтижесі екендігі сөзсіз.

Ж.Т.Қобланов 2014 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері атанды. 2016 жылы оқулықтар мен оқу құралдарын жазудағы көп жылғы еңбегі үшін ҚР ЖОО Қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынов атындағы қола медалімен», «Қазақстан Республикасы Прокуратурасына 25 жыл» медалімен, 2019 жылы «Ахмет Байтұрсынов атындағы алтын медалімен», Маңғыстау облысы әкімдігінің «Жыл ғалымы» атағымен, Ш.Есенов атындағы университет ректорының Алғыс хаттарымен марапатталған.

Қазіргі таңда «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» мамандықтарының студенттері мен магистранттарына «Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті», «Абайтану», «Шетел әдебиетінің тарихы», «Шығыс халықтарының әдебиеті», «Түркі халықтарының әдебиеті», «Қазіргі әдеби процесс», «Абай: дәстүр және жаңашылдық» пәндерінен дәрістер мен практикалық сабақтар жүргізеді.

Қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты жоғары оқу орындары арасындағы өткізілген түрлі шаралардың жоғары деңгейде өтуіне, әсіресе, қазақ әдебиетінің классиктеріне арналған ғылыми-теориялық конференциялардың ұйымдастырылуына жиі араласып, магистранттар мен студенттердің ғылыми-ізденіс жұмыстарына үнемі бағыт беріп отырады. Жоламан Таубайұлының білім беру мен ғылымды дамыту жолындағы еңбегі – көпке үлгі. Бұл күнде оның шәкірттері түрлі салаларда еңбек етуде.

Жоламан Таубайұлы – зайыбы екеуі бес бала тәрбиелеп отырған үлгілі отағасы. Перзенттерінің барлығы да жоғары білімді, отбасылы, еліміздің дамуына транспорт, байланыс, білім беру салаларында өздерінің қажырлы еңбегімен үлес қосып келеді.

Алпыс жастың асқарына аяқ басып отырған Жоламан Таубайұлына зор денсеулік, мол бақыт, әулетінің амандығы мен шығармашылық табыстар тілейміз.